

## Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ. 2000 жылғы 16 ақпан N 253

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырманы іске асыру, жерге құқықтарды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы;

2) Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жыл сайын республикалық бюджетті қалыптастырғанда Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі шараларға қажетті қаражат қарастырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0 ж ы л ғ ы 1 6 а қ п а н д а ғ ы

N 2 5 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ

### Кіріспе

Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз ету бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды іске асыру мақсатында әзірленді.

Бағдарламада жер заңдарын жалгерлік қатынастары мен кепілдік операцияларын, мемлекеттік жер кадастры институтын кеңейту бөлігінде жетілдіру, ауыл

шаруашылығы ұйымдарында шартты жер үлестерін заттық дербестендіруді аяқтау, сондай-ақ селолық елді мекендердің аумақтарында жер-шаруашылықтық орналастыру, жер рыногын дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асыру көзделген.

## **1. Жерге құқықтарды заңдық қамтамасыз ету**

Мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан кейін және нарықтық экономикаға көшу курсы жарияланғаннан бастап жер қатынастарын нарық жағдайларына қайта құру шаруашылық жүргізудің барлық нысандарының тең құқықты дамуы үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды жасау, азаматтар мен заңды тұлғалардың жерге құқықтарын қорғау, жер рыногын дамыту қажеттілігі туды.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы жер заңдарының негізгі принциптерін, жеке меншіктің шарттары мен шектерін және өзге де жерге заттық құқықтарды айқындап б е р д і .

Осы Жарлықты дамыту үшін жер қатынастарын реттейтін 40-тан астам нормативтік құқықтық актілер қабылданды .

Осының нәтижесінде республикада жер құқықтық қатынастарының субъектілері мен жер пайдаланушылардың құрылымы принципті түрде өзгерді.

Мемлекеттік заңды тұлғалардың пайдалануындағы жерлердің үлесі айтарлықтай қысқарды, сөйтіп жер рыногының одан әрі дамуы үшін алғы шарттар жасалды.

Жерге құқықтарды қамтамасыз етуге, жалгерлік қатынастар мен кепілдік операциялары институтын кеңейтуге, жерге құқықтардың тіркелуін қамтамасыз етуге бағытталған жер заңдарын одан әрі жетілдіру үшін "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу көзделіп отыр.

## **2. Жердің нақты меншік иелерін және жерді пайдаланушыларды қалыптастыру**

Жер қатынастарын реттеу саласындағы таяу жылдардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары :

ауыл шаруашылығы ұйымдарында шарттық жер үлестерін нақты дербестендіруді аяқтау ;

кейін заң органдарында жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін жерге тиісті құжаттарды бере отырып, азаматтар мен заңды тұлғаларға берілген (берілетін) жер учаскелерінің шекараларын техникалық ресімдеуді қамтамасыз ету;

жерді пайдаланудың және оларға салық салудың тәртібі мен режимі әртүрлі аймақтарды белгілеу мақсатында, бірінші кезекте, қалаларда жерлерді аймақтарға бөлудің аймақтық сызбаларын әзірлеу;

өнімі төмен, перспективасы жоқ жерлерді өңдеуден шығару процесінің шарттарын

қатайту және экономикалық әдістерін ынталандыру үшін егістік жерлерге түгендеу жүргізу болып табылады.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың жерге құқықтарын қамтамасыз ету олардың мынадай топтарға біріккен құқықтық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Бірінші топ: жер учаскелері жеке қосалқы шаруашылық, бағбандық шаруашылық, саяжай және жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін берілген (берілетін) жер учаскелерінің меншік иелері.

Қазіргі уақытта олардың саны 3 082,5 мыңды немесе елдегі барлық жер учаскелері меншік иелері мен жерді пайдаланушылардың 95 процентін құрайды. Жерге құжаттармен қамтамасыз етілгендері 2 700,7 мың меншік иелері немесе 88 процент. Осы топтың меншік иелері одан әрі негізінен жеке тұрғын үй құрылысы есебінен болжамдалып отыр және олардың саны 2003 жылдың аяғына қарай 3,2 миллионға дейін жетеді.

Бұдан әрі азаматтардың жеке қосалқы шаруашылық, бағбандық шаруашылық және жеке құрылыс жүргізу үшін жер учаскелеріне сұранысын толық қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Осы мақсаттар үшін ауылдық елді мекендердің аумақтарын жер шаруашылықтық орналастыруды жүргізу, жерді ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру басқа да табиғатты қорғау шараларының кешенінде жер ресурстарын қорғау жөніндегі аумақтық бағдарламаларды әзірлеу, қала маңындағы аумақтардың жерлерін аймақтарға бөлуді жүзеге асыру көзделіп отыр.

Екінші топ: шаруа (фермер) қожалықтары.

Жалпы саны - 91 мың. Жерге құжаттармен қамтамасыз етілгені 81,2 мың шаруашылық немесе 89,2 процент.

Аталған топтың жерді пайдаланушыларын қалыптастыру негізінен жер үлестерінің, арнайы жер қорының есебінен және жерді пайдалану құқығымен жасалатын мәмілелердің есебінен жүреді. Олардың саны 2003 жылға қарай 125 мыңға дейін өседі деп болжанып отыр.

Ауыл шаруашылығы ұйымдарында шартты жер үлестерін нақты дербестендіруді аяқтау және пайдаланылмайтын жерлердің есебінен арнайы жер қорын одан әрі қалыптастыруды жалғастыру көзделеді.

Үшінші топ: мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы ұйымдары.

Олардың жалпы саны - 6,2 мың, оның ішінде тұрақты жерді пайдаланушылар - 4,2 мың, жерге құжаттармен - 3,9 мыңы немесе 94 проценті қамтамасыз етілген.

Бұл топтың жерді пайдаланушыларын қалыптастыру:

жер үлестерін құрылтай құжаттарына сәйкес жарғылық капиталдарға, өз жер үлесімен шығу құқығынсыз енгізе отырып шаруашылық серіктестіктеріне кіру есебінен ;

өз жер учаскесімен шығу құқығымен шаруашылық субъектілерінің жарғылық капиталдарына жер үлестерін енгізбестен жүзеге асырылады.

Төртінші топ: Кондоминиум субъектілері.

Жерге құжаттар 14,1 мың кондоминиум объектілері бойынша ғана ресімделді және берілді.

Кондоминиумге қатысушыларға жер беру мәселелерін "Жер туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңында реттеу жоспарланған.

Кондоминиумның үй-жайларының меншік иелеріне (қатысушыларына) берілген жер учаскелерінің шекараларын одан әрі айқындау пәтер иелері кооперативтерінің қатысуымен, іс жүзінде қалыптасқан құрылыстарды және қала жобасы мен өзге де құжаттаманың елді мекенді аумақтық дамытуға қоятын талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылатын болады. Кондоминиумге әрбір қатысушының жалпы меншіктегі немесе жалпы жер пайдаланудағы үлесі оны заттық түрде бөлместен айқындалады.

Жоспарланған жұмыстарды 2003 жылға дейін аяқтау мақсатында кондоминиумдердің қазіргі бар объектілері үшін жер учаскелерін бөлу жөніндегі іс-шаралардың жоспары әзірленетін болады.

Бесінші топ: Мемлекеттік емес заңды тұлғалар, құрылыс салу үшін берілген немесе өндірістік және өндірістік емес ғимараттар, құрылыс-жайлар салынған жер учаскелері.

Мемлекет иелігінен алудың алғашқы кезеңінде мемлекеттік меншік объектілері жерге құқықтар ресімделместен жекешелендірілді, сондықтан жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу кезінде қазіргі бар объектілердің алып жатқан алаңын нақтылау, сондай-ақ жер учаскелерін мемлекеттен сатып алуды (жалдауды) ресімдеу жүргізіледі.

Меншіктік құқығында ғимараттар, құрылыс-жайлары (аяқталмаған құрылысты қоса алғанда) және басқа жылжымайтын мүліктер бар, бірақ 2001 жылға дейін жерге тиісті құжаттарын белгіленген тәртіппен ресімдемеген тұлғалар үшін жерге құқықты алу шарттарын заңдық ретте қатайту көзделеді. Мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін беру мәселелерін реттейтін қолданылып жүрген заң актілеріне түзетулер енгізу көзделіп отыр.

Жерлерді ұтымды және тиімді пайдалану, инвестициялар тарту, бюджетке қосымша қаражат түсуін ынталандыру, жер учаскелерін берген кезде жариялылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі нық кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау мақсатында жер учаскелерін меншікке немесе пайдалануға сату жөніндегі жер аукциондары мен конкурстары ұйымдастырылатын болады.

Алтыншы топ: Шетелдік жер пайдаланушылар.

Шетелдік жер пайдаланушыларға жерді пайдалану құқығын беру жер учаскесін жалға беру шарты негізінде (инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңдарға сәйкес берілетін мемлекеттік заттық гранттар түріндегі жер учаскелерін беруді қоспағанда) жүзеге асырылады.

Жерге құқықтарды тіркеу жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

2 және 3-топтардағы жерді пайдаланушылар үшін:

жерге орналастыру жөніндегі жобаларды қажетті мөлшерде әзірлей отырып, шартты жер үлестерін дербестендіру 2000 жылдың соңына дейін аяқталмақ, онда жер үлестерін бөлу есебінен берілетін учаскелер жер учаскелерін иеленушілер жиналысының шешімін ескере отырып айқындалатын болады, ал олардың арасында осы учаскелерді орналасқан жерін айқындау тәсілінде келісім болмағанда, жер үлестері иелерінің жер учаскелерін орналастыру сот шешімі бойынша айқындалады;

ипотекалық несиелерді және ауыл шаруашылығы жерлерінің рыногын дамытуды қамтамасыз етуде жер учаскелері мен жерді пайдалану құқықтарын кепілге беру үшін жерді бағалау көзделіп отыр.

Жер үлестері негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайдаланатын жерлерін қалыптастыру процесін жеделдету үшін жер үлестері иелерінің ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдалануға арналған жер үлестеріне сәйкес жер учаскесін таңдап алуы немесе осындай бірліктердің үлесіне өзінің құқығын қайта ресімдей отырып, шаруашылық жүргізу объектілеріне кіруі үшін мерзімдерді заңды түрде белгілеу көзделіп отыр. Бұл шартты жер үлестеріне билік ету бойынша қолданылып жүрген құқықтарды түсіндіру жөніндегі науқанмен бірге жүргізіледі.

Шаруа (фермер) қожалықтарын жүргізу үшін берілген жер учаскелерінің шекараларын техникалық ресімдеу процесін, оларға кейін әділет органдарында жерге құқықты тіркеу үшін жерге құқықты белгілейтін құжаттарды бере отырып, аяқтау көзделген.

Жер қатынастары саласында мемлекет мүддесін қорғау үшін: егістік жерлеріне түгендеу жүргізу бұл перспективасы жоқ өнімі аз жерлерді өңдеуден шығарудың шарттарын қатайтуға, сондай-ақ бұл процесті экономикалық тәсілдермен ынталандыруға мүмкіндік береді;

ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін бұрын беріліп, пайдаланылмай жатқан жерлердің және оларды шаруашылық субъектілерінің арасында кейін қайта бөлу үшін белгіленген тәртіппен қайтып алудың проблемалары бойынша облыс әкімдерімен бірлесіп жұмыс істеуді көздейтін мақсатты бағдарлама әзірлеу;

жерлерді аймақтарға бөлу бұл жер ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты толық түрде жүргізуге және жердің меншік иелері мен жерді пайдаланушылар үшін жерді пайдаланудың рұқсат етілген түрлерін нақтылауға мүмкіндік береді;

азаматтардың жерге конституциялық құқығы және олардың өз жер учаскесіне немесе жер пайдалану құқығына қатысты заң актілерімен тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасауы жөніндегі кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін, жер кепілдігі саласындағы заңдарды іске асыру тетігін пысықтау, сондай-ақ кейбір жер санаттарына жеке меншікті енгізудің мүмкіндіктерін зерделеу жоспарланып отыр.

**ЕСКЕРТУ. 5-абзац алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.11.02. N 1657**

### **3. Жер кадастрын жетілдіру, құрылымдық жаңғыртулар және кадрлық қамтамасыз ету**

Жылжымайтын мүлікке арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеу енгізілгеннен бастап жер-кадастрлық жұмыстарының көлемі елеулі дәрежеде өсті.

Жерге құқықтарды бекіту жөніндегі міндеттерді іске асыру мақсатында мемлекеттік жер кадастрын жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілмек, ол "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 маусымдағы N 710 қаулысына сәйкес мемлекеттік кадастрлар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, сондай-ақ жерге құқықтарды тіркеу мақсаты үшін жер учаскелерін есепке алуды қамтамасыз ету үшін қ ы з м е т і с т е й д і .

Жер кадастры құрамында тіркеу мақсаты үшін жер учаскелерін есепке алу тәртібінің негізгі ережелері жылжымайтын мүлікке арналған құқықтарды мемлекеттік тіркеудің пилоттық жобасын инвестициялап отырған Дүниежүзілік банктің ұсыныстарын ескере отырып әзірленді және бұл тәртіп жер учаскелерін бірдейлендіру олардың шекараларын айқындау жөніндегі бірыңғай техникалық мәселелерді шешуге а р н а л ғ а н .

Солай дей тұра көрсетілген жұмыстарды жедел орындау көптеген облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда белгілі бір дәрежеде жерге орналастыру қызметінің болмауынан тежеліп отыр. Поселкелер мен ауылдық (селолық) округтерде мұндай б е й і н д е г і м а м а н д а р ж о қ .

Осы мақсаттарды іске асыру үшін республиканың жерге орналастыру жұмысын былайша құрылымдық жаңғырту көзделіп отыр:

облыстық маңызы бар қалаларда қазіргі бар еңбекақы қоры есебінен жер ресурстарын басқару органдарын құру белгіленген;

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің Жер ресурстары және жерге орналастыру мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталығының қазіргі бар еншілес кәсіпорындарының базасында аудандық және облыстық маңызы бар қалаларда қосымша мамандандырылған өндірістер-кадастрлық филиалдар ( ор т а л ы қ т а р ) құрылатын болады.

Кадастрлық филиалдардың негізгі функциялары:  
жер учаскелерінің жергілікті жерлердегі шекараларын белгілеу;  
азаматтар мен заңды тұлғалардың жер учаскелеріне құқықтарын куәландыратын тиісті құжаттарды дайындау жоспарлы-картографиялық материалдарды, кадастрлық

карталарды (схемаларды) жасау және жаңалау;

жер кадастрының автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру, жер ресурстары туралы деректердің банкін құру және жүргізу, жер учаскелері туралы деректерді іздеу, өңдеу және жер кадастры ақпаратын пайдаланушылардың сұрау салуына жауапты ресімдеу болып табылады.

Бұл шаралар жер ресурстарын басқару жөніндегі аудандық комитеттерді оларға тән емес техникалық жұмыстардан босатуға, оларды басқару және бақылау функцияларын орындауға жұмылдыруға, жұмыста жеделдікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**М ы н а л а р :**

жерге орналастыру жұмыстарының жекелеген түрлерін бәсекелестік ортаға беру. Бұл мақсатқа жету үшін оларды лицензиялау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізудің және жерге орналастыру процесіне қатысушылардың арасындағы өзара байланыс жұмыстарын ұйымдастырудың заңдық, институционалдық және басқа сипаттағы ережелерін белгілейтін қажетті құжаттардың пакетін дайындау көзделген;

Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік жүйесінің кадрларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларын жүзеге асыру;

Дүниежүзілік банктің несиелерін тартумен жүзеге асырылып жатқан Алматы және Ақмола облыстары мен Алматы және Астана қалаларындағы жылжымайтын мүлікті және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу жүйесін енгізу жөніндегі пилоттық жобаның негізінде жер учаскелері туралы ақпаратты неғұрлым жедел алу мақсатында жер кадастры жүйесін автоматтандыру;

жер кадастрының құқықтық және басқа кадастрлармен тиісті өзара байланысын қамтамасыз ету, сондай-ақ сандық технологиялардың негізінде осы заманғы кадастрлық карталарды жасау жоспарланған.

Картографиялық өнімге сұранысты қамтамасыз ету үшін 2003 жылға дейін шетелдік инвестицияларды тарту есебінен картографиялық фабрика салуды жүзеге асыру көзделген.

#### **4. Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету**

Бағдарламада белгіленген іс-шаралар белгілі бір қаржылық қаражатты талап етеді.

Шартты жер үлестерін заттық дербестендіру жер учаскелерін тіркеу мақсаты үшін есепке алу жер кадастрының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру тиісті бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын болады.

Жер заңнамасын, мемлекеттік жер кадастрын жетілдіру, жер рыногын дамыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға 2003 жылға республикалық бюджеттен 308066 мың теңге көзделді

Бағдарламаның басқа іс-шараларын орындауды жер учаскелерінің мүдделі меншік

иелері мен жерді пайдаланушылардың қаражаты, гранттар мен инвестициялар тарту есебінен жүзеге асыру белгіленген.

**ЕСКЕРТУ. 4-бөлім өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 1312 қаулысымен.**

\* \* \*

Бағдарлама азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және республиканың жер қорын пайдалану мен қорғау саласындағы, мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін кепілдіктерді күшейтуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 16 ақпандағы  
N 253 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасында Жерге құқықтарды қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі ІС-ШАРАЛАР**

Р/с! Іс-шараның атауы! Аяқтау ! Орындауға! Орындау! Болжамды! Қаржылан.  
N ! ! нысаны ! жауаптылар! мерзімі! шығыстар! дыру көз.  
! ! ! ! ! (мың ! дері  
! ! ! ! ! теңге) !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 . Ж е р г е к ұ қ ы қ .  
т а р д ы б е к і т у д і  
қ ұ қ ы қ т ы қ қ а м т а .

**масыз ету**

1.1 "Жер туралы" Заң Жер ресур. 2000 - -  
Қазақстан жобасы старын жыл  
Республикасы басқару  
Заңының жобасын жөніндегі  
әзірлеу: агенттік,  
Әділетмині

1 . 2 " Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы



Ү к і м е т і н і ң  
қ а у л ы л а р ы н а  
ө з г е р і с т е р м е н  
т о л ы қ т ы р у л а р  
е н г і з у т у р а л ы "

Қ а з а қ с т а н  
Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
м ы н а д а й  
қ а у л ы л а р ы н ы ң  
ж о б а л а р ы н

әзірлеу:

"Мемлекеттің жеке меншікке сататын немесе жер пайдалануға беретін жерлері үшін төлем ставкаларын	Үкімет қаулы. сының басқару жобасы	Жер ресур. 2000	-	-
	старын	IV тоқсаны жөніндегі агенттік, Әділетмині, Қаржымині		
	б е к і т у т у р а л ы "			
	1 9 9 6	ж ы л ғ ы	8	

мамырдағы N 576

"Мемлекеттің жеке меншікке сататын немесе жер пайдалануға беретін жер учаскелерінің бағалық құнын белгілеу тәртібін	Үкімет қаулы. сының басқару жобасы	Жер ресур. 2001	-	-
	старын	II тоқсаны жөніндегі агенттік, Әділетмині, Қаржымині		
	б е к і т у т у р а л ы "			
	1 9 9 6	ж ы л ғ ы	1	

қазандағы N 1203

**2 . Ж е р д і ң ш ы н а й ы  
м е н ш і к и е л е р і м е н  
ж е р д і п а й д а л а н у .  
ш ы л а р д ы қ а л ы п т а с .**

тыру

Шартты жер үлестерін	Үкіметке заттық баяндама	Жер ресур. 2000	-	-
	старын			жылдың

дербестендіруді  
аяқтау

басқару

желтоқсаны  
жөніндегі  
агенттік,

Ауылшармині

2.1 Жер телімдерін Жер Жер ресурс. Тұрақты - -  
мынадай құжат. теліміне тарын  
тармен қамтамасыз меншік басқару  
ету: құқығы жөніндегі  
актісі агенттік

құқықты куәланды.  
ратын құжаттарды  
ресімдеу және

беру

2.2 Шаруа (фермер) Жер Жер ресурс. Тұрақты 2003 Республи.  
қожалықтарына телімін тарын жыл - калық  
жер телімдерін бөлу және басқару 20002 бюджет  
бөлу және жерге жерге жөніндегі  
құқықты куәланды. құжаттар агенттік  
ратын құжаттар беру

беру

2.3 Ауылдық елді Жобалар, Жер ресурс. 2001- 2003 Республи.  
мекендердің схемалар тарын бас. 2003 жыл - калық  
аумағына жер- қару жөнін. жылдар 8100 бюджет  
шаруашылық орна. дегі  
ластыруды жүргізу агенттік

2.4 Жерлерді аймақ. Үкіметке Жер ресурс. 2000- - -  
тарға бөлудің ақпарат старын 2001  
аймақтық схема. басқару жылдар  
ларын әзірлеу жөніндегі  
және бекіту агенттік,  
қалалар мен  
аудандардың

әкімдері

2.5 Жерді ұтымды Үкіметке Ауылшармині, 2000 - -  
пайдалану, топы. ақпарат Жер ресур. жылдың  
рақтың құнарлығын старын IV  
арттыру, жер ре. басқару тоқсаны  
сурстарын қорғау жөніндегі  
жөнінде аймақтық агенттік,

- |                                 |            |             |             |
|---------------------------------|------------|-------------|-------------|
| бағдарламалар<br>әзірлеу        | әкімдері   |             | облыстардың |
| 2.6 Қазіргі кондомини. Кондоми. | Жер ресур. | Өтінімдер   | - -         |
| умдер объектілері               | ниум объ.  | старын      | бойынша     |
| үшін жер телімде.               | ектілер.   | басқару     |             |
| рін бөлу жөніндегі              | іне жер    | жөніндегі   |             |
| іс-шаралар жоспа.               | телімде.   | агенттік,   |             |
| рын әзірлеу                     | рін        | жергілікті  |             |
|                                 | бөлудің    | атқарушы    |             |
|                                 | іс -       | органдар    |             |
|                                 |            | шаралар     |             |
| жоспары                         |            |             |             |
| 2.7 Егістік жерлерге            | Үкіметке   | Жер ресур.  | 2000- -     |
| түгендеу жүргізу                | ақпарат    | старын      | 2001        |
|                                 |            | басқару     | жылдар      |
|                                 |            | жөніндегі   |             |
| агенттік                        |            |             |             |
| 2.8 Ауыл шаруашылығы            | Үкіметке   | Жер ресур.  | 2001 - -    |
| мақсаттары үшін                 | ақпарат    | старын      | жылдың      |
| бұрын берілген,                 |            | басқару     | II          |
| пайдаланылмай                   |            | жөніндегі   | тоқсаны     |
| жатқан жерлердің                |            | агенттік,   |             |
| проблемалары                    |            | облыстар.   |             |
| бойынша мақсатты                |            | дың, аудан. |             |
| бағдарлама әзірлеу              |            | дардың      |             |
| әкімдері                        |            |             |             |

### **Жер рыногы**

- |                        |           |             |         |     |
|------------------------|-----------|-------------|---------|-----|
| 2.9 Мемлекет меншігін. | Жер аук.  | Жер ресурс. | Тұрақты | - - |
| дегі жер телімдерін    | циондары, | тарын       |         |     |
| сату жөніндегі жер     | конкурс.  | басқару     |         |     |
| аукциондары мен        | тары      | жөніндегі   |         |     |
| конкурстарын ұйым.     |           | агенттік,   |         |     |
| дастыру және өткізу    |           | жергілікті  |         |     |
|                        |           | атқарушы    |         |     |
| органдар               |           |             |         |     |

### **Жер кадастрын жетілдіру**

- |                     |                      |            |        |
|---------------------|----------------------|------------|--------|
| 2.10 Жер және құқық | Ведомст. Әділетмині, | 2000       | - -    |
| кадастры арасындағы | воаралық             | Жер ресур. | жылдың |
| өзара іс-қимылды,   | шарт                 | старын     | IV     |

жер-кадастр құрам. дас бөлігін жылжы. майтын мүлікке	басқару	тоқсаны
	қ ұ қ ы қ т ы ж о б а с ы н а	т і р к е у ұ ш т а с т ы р у .
ды қамтамасыз ету		
2.11 Тіркеу мақсаты үшін Үкіметке Жер ресур. жер телімдері есепке алуды қамта. масыз ету (Жер ка. дастры ісі, кітабы және картасы)	Тұрақты баяндама	- старын басқару жөніндегі агенттік
2.12.	Жер - кадастр жұмыс.	
тарын жүргізу:		
аэрофотогеодезия. лық іздестіру, топырақты зерттеу, геоботаникалық зерттеу;	Түсірім. Жер ресур. дер, старын карталар басқару	Тұрақты 2003 жыл- калық 102300 бюджет жөніндегі
ауыл шаруашылығы алқаптарының, топырақтың және геоботаникалық контурлардың алаңдарын есептеу;	Алаңдарды Жер ресур. есептеу, старын басқару	Тұрақты 2003 жыл- калық 31074 бюджет жөніндегі агенттік
аудандық карта. ларды және есептеу квартал. дарының картала. рын жасау және жүргізу;	карталар, Жер ресурс. схемалар	Тұрақты тарын басқару жөніндегі агенттік
жерлердің мемлекеттік есебі;	Кадастрдың Жер ресур. дерекқоры	Тұрақты - старын басқару жөніндегі
агенттік		
жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылар.	Электронды Жер ресурс. дерекқор тарын бас. қару жөнін.	Тұрақты 2003 жыл- калық 38524 бюджет

дың жер кадаст. дегі агент.  
ры жөніндегі тік

д е р е к т е р і н  
э л е к т р о н д ы т ү р д е

жинақтау

2.13 Жер телімдерін Электронды Жер ресурс. 2001 жыл - -  
есепке алуды: дерекқор тарын бас. 2001-2003  
пилоттық қару жөнін. жылдар  
аймақтарда дегі агент.  
қалған облыстар. тік

д а а қ п а р а т т ы  
ж и н а у д ы ң ж ә н е  
с а қ т а у д ы ң қ а ғ а з  
т а с ы м а л д а у ш ы д а н  
э л е к т р о н д ы  
ж ү й е с і н е к ө ш у д і

қамтамасыз ету

2.14 Мемлекеттік жер Жер кадаст. Жер ресур. Тұрақты 2003 Республ.  
кадастрының ав. рының авто. тарын жыл- калық  
томаттандырылған маттанды. басқару 106413 бюджет  
ақпараттық рылған ақ. жөніндегі  
жүйесін құру параттық агенттік

және жүргізу жүйесі

2.15 Жер кадастрын Карталар, Жер ресур. Тұрақты - -  
топографиялық- жоспарлар старын  
геодезиялық және (схемалар) басқару  
картографиялық, жөніндегі  
оның ішінде агенттік,  
сандық Әділетмині

қамтамасыз ету

Қ ұ р ы л ы м д ы қ қ а й т а  
қ ұ р у ж ә н е к а д р л ы қ

қамтамасыз ету

2.16 Аудандарда өнді. Кадастр Жер 2000- - -  
рістік бөлімше. орталықтары ресурстарын 2001  
лер ұйымдастыру басқару жылдар  
жөніндегі  
агенттік

- 2.17 Облыстық маңызы Облыс орта. Жер 2000 - -  
бар қалаларда лықтары мен ресурстарын жыл  
жер ресурстарын қалалардағы басқару  
басқару жөнінде жер ресурс. жөніндегі  
органдар құру тарын бас. агенттік  
қ а р у ж ө н і н .  
д е г і о р г а н .
- дар
- 2.18 Облыстық, Астана және Жер 2000 - -  
аудандық Алматы ресурстарын жылдың  
(қалалық) коми. қалаларын. басқару IV  
теттердің және дағы оқыту жөніндегі тоқсаны  
кадастр орталық. жөніндегі агенттік  
тарының маманда. орталықтар  
р ы н ж е р т е л і м д е .  
р і н т і р к е у м а қ .  
с а т ы н д а е с е п к е  
а л у ғ а қ а ж е т т і  
д а ғ д ы л а р ғ а о қ ы т у  
ж ө н і н д е г і
- орталықтар құру
- 2.19 Облыстық және Мамандарды Жер 2000- 2003 Респуб.  
аудандық қызмет. қайта ресурстарын 2003 жыл ликалық  
тердің маманда. даярлау, басқару жылдар - бюджет  
рын даярлауды, оқыту жөніндегі 1653  
және қайта агенттік  
д а я р л а у д ы
- ұйымдастыру
- 2.20 Рынокты дамыту Ақпараттар, Жер Тұрақты - -  
үшін қолда бар бюллетень. ресурстарын  
ақпараттық- дер басқару  
маркетинг жөніндегі  
жүйесін агенттік
- пайдалану
- 2.21 Ғылыми-әдістеме. Ұсынымдар Жер Тұрақты - -  
лік қамтамасыз ресурстарын  
етуді жетілдіру, басқару  
іргелі және жөніндегі  
қолданбалы агенттік

з е р т т е у л е р д і

дамыту:

жер ресурстарын Ғылыми  
экономикалық  
бағалау  
саласында  
қолданбалы

Жер 2003 жыл  
зерттеулер, ресурстарын  
әдістемелер басқару  
жөніндегі  
агенттік

ғ ы л ы м и з е р т т е у .

лер жүргізу

2.22 Кадрлардың Кадрларды Жер 2000 жылдың - -  
облыстық, оқыту ресурстарын III тоқсаны  
аудандық және қайта басқару  
(қалалық) буын. даярлау жөніндегі  
дарын оқыту мен бағдарла. агенттік  
қ а й т а д а я р л а у д ы ң м а с ы  
б а ғ д а р л а м а л а р ы ң  
ә з і р л е у

-----  
**ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.11.02. N 1657 қаулысымен .**  
**ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002**  
**жылғы 13 желтоқсандағы N 1312 қаулысымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК